



* л а з * а н * л а з * л а з * л а з * л а з * л а з * л а з * л а з * л а з * л а з *

ӘЛЕМ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ТҮРКІТАНУ ҒЫЛЫМЫ

* л а з * а н * л а з * л а з * л а з * л а з * л а з * л а з * л а з * л а з * л а з *



МАЗМУНЫ

Авакова Р.А.	
Фраземалардың шығу дереккөздері.....	3
Фикрет Түркмен	
Туркиядағы түркітану: бүгінгі және болашағы.....	16
Хамза Зұлфикар	
Түркі тілдес зиялы қауым өкілдерінің тілге деген көзқарасы.....	19
Авакова Р.А., Бектемірова С.Б.	
Түркі және славян тілдеріндегі кинологиялық атаулар.....	30
Абрахманова Ж.	
Қалыпты фразеологизмдердің эллипсис тәсілі арқылы окказионал ренкке ие болуы.....	36
Андабаева Д.А.	
Фразеологические единицы с общим типовым значением «проявлять умственные способности», «испытывать воздействие внешней среды».....	39
Аширова А.Т.	
Мемлекеттік тіл-ұлт бірлігінің басты факторы.....	44
Әбелдаев Ж.Ә.	
XX ғасыр түрік әдебиетіндегі поэтикалық ағымдар.....	48
Баратова Ш.Б.	
Қазақ және ұйғыр поэзиясының өлең жүйелері.....	52
Бегімова Г.Ә.	
Дипломатиялық терминдер: таным және мағына.....	58
Егізбаева Н.	
Қазіргі қазақ тіліндегі морфонологиялық құбылыстар.....	62
Жұмағұлова А.Ж.	
Кейбір грамматикалық формалардың ғылыми стильде қолданылуы.....	67
Иманалиева Ғ.Қ.	
Есім сөздердің эмоциялы сипаты.....	70
Исмағұлова С.А., Досова С.Н.	
Иқбал шығармашылығының қазақ тіліне аударылу мәселесі.....	75
Иманбердиева С.Қ.	
Тарихи ескерткіштердегі жалқы есімдер.....	82
Қалиев А.Қ.	
Түрік тілінің ықпал категориясы.....	88
Қарабаева Х.Ә.	
Ахмет Байтұрсынұлының терминжасам қағидаттары.....	92
Құлжанова Б.Р.	
«Құтадғу билигі» дастанының идеялық мазмұны.....	97

Кокеева Д.М.	
Хинди тіліндегі синонимдердің жалпы мәселелері мен шығу жолдары.....	103
Масимова Х.В.	
XIX ғасырдағы жазба ескерткіштердің кейбір морфологиялық ерекшеліктері («Товарих-и мусикиун» ескерткіші негізінде).....	107
Мекебаева Л.	
20-жылдардағы прозалық шығармалардың стильдік сипаттары.....	114
Мадиева Г.Б.	
Инновации в лингвистике как науке и как образовательной программы.....	118
Момынова Б.	
Ноғайлы дәуірі – қазақ әдеби тілінің бір арнасы.....	122
Муканова З.А.	
Чокан Валиханов – востоковед.....	127
Назарова А.Ж.	
Жіктеу есімдіктерінің септелуіндегі ерекшеліктер.....	130
Нұржігітова Г. А.	
Қазақ тілі сабағында қолданылатын жана әдістер.....	134
Омарова Б. А.	
Қазақ тілі сабақтарында медиатәгіндермен жұмыс істеудің тиімділігі.....	138
Өміржанова Ж.Т.	
Тартыс табиғаты және кейіпкерлер жүйесі.....	142
Рамазанова Ш.Ә.	
Шетел қазақтарының айтыс үлгілерінің ерекшеліктері.....	146
Рысбаев Ә.Б.	
Түркі тілдеріндегі етістік фразеологизмдердің семантикалық құрылымы.....	150
Салқынбай А.Б.	
Түркі даналарының ғаламдық концептері.....	160
Теменова Г.К.	
XIX. Yüzyılın sonları ile XX. Yüzyılın başlarındaki İlk Türk-Kazak Hikâye ve Romanlarında «Kadın ve Eğitim» Teması.....	163
Садуова Ш. М.	
Түрік тіліндегі грамматиканы менгеру мәселесі.....	171
Сейдімханова Т.Б.	
Сәкен Сейфуллин шығармаларындағы аңыз-өңгіме желілері.....	175
Таусоғарова А.Қ.	
Этиофраземалардың тілдік санадағы көрінісі.....	179
Юсупов Р.К.	
К вопросу идейно-тематических и жанровых особенностей поэзии Восточного Туркестана второй половины XIX века.....	184

5. Англо-русский, русско-английский словарь фразеологизмов Т.В. Парамович. – Минск, 2011
6. «Түбікçe sözlük», İstanbul, 1995.
7. Бархударов Л.С. Язык и перевод. М., 1975.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – ҰЛТ БІРЛІГІНІҢ БАСТЫ ФАКТОРЫ

Аширова А.Т.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Мемлекеттік тіл кафедрасының
доценті, ф.ғ.к.

Әрбір жүрегі елім деп соққан адамның өзінің халқына, тіліне деген ерекше сезімі болатыны сөзсіз. Ұлттық санасы оғу ғана адамның өз елінің иың жанашыры екені белгілі. Халқымыздың халықтығының басты белгісі – тілі болса, оның көркеюі үшін әлі де талай жұмыстар жасалуы қажет. Елбасы айтқандай: «Дағдарыс өтеді де кетеді. Ал, мемлекет тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты құндылықтар мәңгілік қалады». Әр ұлт ғасырлар бойы қалыптасқан өзіне тән тілімен, салт дәстүрімен ерекше. Біз үшін Қазақстан – біздің Отанымыз, ал Отанымыздың тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік тіл мәселесіне байланысты Нұрсұлтан Әбішұлы «Мемлекет өз тарапынан тиісті нәрсенің бәрін жасап жатыр, бүгінгі күні қазақ тілінің тиісті мемлекеттік мәртебесі бар. Тиісті заң бар. Ол іс-қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізуге мүмкіндік береді. Ол заң кез келген жерде мемлекеттік тілде сөйлеуге, кез келген қағазда мемлекеттік тілде жазуға, қажет жерінде сол тілде жауап алуға жағдай жасайды. Әлі-ақ, қазақ тілі тіршілігіміздің барлық саласында кеңінен қолданылатын болады, тек оны насихаттай білуіміз керек. Ана тілін білмеу қазақ азаматы үшін ұят саналуы тиіс», - деді.

Алдағы 2011-2020 жылдардағы он жылдық кезеңге тіл саясатын жүргізудің логикасы еліміздегі қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығына елеулі қауіп-қатер әкелуі мүмкін бірқатар проблемалық мәселелердің де бар екендігі белгілі атап айтатын болсақ. Ең алдымен, бұл – қоғамдағы мемлекеттік тілді менгеру деңгейінің әлсіздігі. Екіншіден, елдің қоғамдық-саяси өміріне мемлекеттік тілдің әлі де болса бауы енгізілуі. Үшіншіден, тіл мәдениетінің төмендігі. Төртіншіден, шетел тілдерін менгеру қарқынының баяулығы. Мемлекеттік бағдарламаның басты стратегиялық мақсаты – Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың маңызды факторы ретінде саналатын мемлекеттік тілді балабақша, мектеп, жоғары оқу орындары, мемлекеттік қызмет және қоғамдық-саяси, әлеуметтік көсіпкерлік саласының барлығында батыл қолданысқа енгізіп, қазақстандықтардың өмірлік қажетіне айналдыру.

Бірінші мақсат – Мемлекеттік тіл – ұлт бірлігінің басты факторы. Екінші мақсат – Мемлекеттік тілді кеңінен қолдануды көпшілікке тарату. Үшінші

мақсат – Дамыған тіл мәдениеті – зиялы ұлттың басты күш-қуаты. Төртінші мақсат – Қазақстан халқының лингвистикалық капиталын дамыту. Мемлекеттік тілді оқыту орталықтарын міндетті түрде аккредитациялау – мәселені шешудің бір жолы. Бұл бағытты іске асыру арқылы орталықтардың білім беру қызметінің міндетті стандарттарын енгізуді ғана емес, олардың қызметін бағалаудың рейтингтік жүйесін енгізу көзделеді.

Білім берудің барлық сатыларында мемлекеттік тілді білу деңгейін бағалау және бақылау жүйесін енгізу, сондай-ақ барлық мүдделі адамдарға тегін курстар ұйымдастыру, дистанциялық оқыту жүйесін кеңінен енгізу және жеке бизнес өкілдерін әріптестікке тарту арқылы да қазақ тілін оқып-үйренуге кеңінен мемлекеттік қолдау көрсету көзделеді. «Мемлекеттік тілді кеңінен қолдануды көпшілікке тарату» атты екінші мақсатты іске асыру үшін мемлекеттік тілді қолданудың абырой-беделін көтеру және оған деген қажеттілік пен сұранысты кеңейту жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру қажет. Күнделікті өмірде қазақ тілінде сөйлеу мәдениеттілік пен зиялылықтың дәрежесі саналып, әсіресе жастардың ортасында сөзге, көрек денесіз ұлтты сыйлау, ата-баба тіліне қамқорлық көрсету және қазақ патриотизмінің шынайы көрінісіне айналуға тиіс. Мемлекеттік тілде сөйлейтін адамның беделді бейнесін қалыптастыру, мемлекеттік тілді әрбір отбасы дәстүрі ретінде көпшілікке таныту, саяси және PR технологиялар арқылы қоғамдық санада қазақ тілін білушілердің артықшылықтарын мықтап орнықтыру міндеттерін іске асыру қажет. Үшінші мақсат ең алдымен, терминология және ономастика саласындағы жұмысты жақсарту арқылы қазақ тілінің лексикалық қорын одан әрі жетілдіру мен жүйеге келтіру жөніндегі шаралар жүйесін іске асыруды көздейді.

2011-2013 жылдары қажетті нормативтік-құқықтық базаны, оның ішінде «Мемлекеттік тіл туралы» Заңның жобасын әзірлеу және мемлекеттік тілді менгеру мәселесі бойынша міндетті талаптар қойылатын мамандықтардың тізбесін енгізу және бағдарламаны жүзеге асыруды қолға алу басты шарт. Бүгінде қазақ тілінде жер бетінде 13 миллионнан астам адам сөйлейді. Егер қазақ тілінің түркі тілдер тобына кіретінін, әлемдегі 20-ға жуық түркі тілдерінде 100 миллионға жуық адамның сөйлейтінін ескерер болсақ қазақ тілін ұғатын, түсінетін, оны ұлтаралық қатынас құралы ретінде пайдалана алатындар саны өсепте өседі. Тіл мәселесі-еліміздегі ең көп талқыға түсетін мәселенің бірі. Себебі, тіл-ұлттың үні, тәуелсіздіктің тірегі. Өз ұлтының тағдырына бей-жай қарамайтын кез келген адам мемлекеттік тілдің жайына үнемі алаңдиды. «Төртеу түгел болса, төбелеті келеді» дегендей, бұл бағдарламада ірі-ірі төрт мақсат көзделген. «Мемлекеттік тіл-ұлт бірлігінің басты факторы», «Мемлекеттік тілді кеңінен қолдануды көпшілікке тарату», «Дамыған тіл мәдениеті-зиялы ұлттың күш-қуаты», «Қазақстан халқының лингвистикалық капиталын дамыту» деп аталған мақсаттардан туындайтын іс-шаралар туған тілімізді өз ұлтымыздың және елімізді мекендейтін басқа да халықтардың санасына сіндіруді міндеттейді. Қазақстанның барша азаматтарының мемлекеттік тілді менгеру жүйесін құру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру көзделеді. Бұл жүйенің арқауы үш негізгі компоненттен тұрады, олар –